

**Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт**

Нұр-Сұлтан қ.

№190062

2019-07-31

Басшысы атынан әрекет ететін бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Ереже негізінде әрекет ететін Бугубаев Аржан Мелисович бір тараптан және Директор атынан әрекет ететін бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын "BI Urban Construction" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екінші тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Корпитанов Марат Серикбаевич, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар пп.56, п.3, ст.39 приобретения товаров, работ, услуг у лица, определенного Правительством Республики Казахстан по решению (поручению) Президента Республики Казахстан «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

**1 Ұғымдар мен айқындамалар**

1.1 Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) Бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) техникалық қадағалаушы – мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған тұлға;

4) объект – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде салуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

5) учаске – Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;

6) уақытша құрылымдар – Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар

7) ақау – шарттың талаптарын бұза отырып орындалатын жұмыстың бір бөлігі

8) Қнже – құрылыс нормалары және қағидалары

9) материалдар – бас мердігер және қосалқы мердігер объектіні салуға қолданатын барлық шығын материалдарын білдіреді

10) құрал-жабдықтар – құрылыстың құрылысына уақытша орналасатын бас мердігердің және қосалқы мердігердің барлық машиналары мен механизмдерін білдіреді

11) под ключ – бас мердігер құрылыс және оны қамтамасыз ету бойынша барлық жауапкершілікті өзіне алады және келісімшарт талаптарына сәйкес тапсырыс берушіге пайдалануға дайын объектіні тапсыруы керек



12) күндер - күнтізбелік күндер, айлар - күнтізбелік айлар

13) ұзақ мерзімді құрылыстың ұзақтығы - бас мердігер мекеменің құрылысын аяқтауы тиіс кезең

14) шарт - «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мердігерлік жұмыстарды орындау үшін тапсырыс беруші мен бас мердігер арасында жасалған азаматтыққұқықтық шарт. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Келісімшартты тапсырыс беруші мен қосалқы мердігерлер арасында қандай да бір келісімшарттық қарымқатынас жасау үшін түсіндіруге болмайды

## **2 Шарттың мәні**

2.1 Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті:

ерекшелігі бойынша 013-015-431 Құрылыс «Түркістан облысының Түркістан қаласындағы «Нұр-Сұлт алаңын абаттандыру және көгалдандыру жобасы»;

2.2 Жұмыстар - Жобасы бойынша орындалады, онда Түркістан қаласы бар.  
Бас жобалаушы - «Қала құрлысын жобалау орталығы» ЖШС.

2.3 Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (1-қосымша);

## **3 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары**

3.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және 3 950 347 842.56 (үш миллиард тоғыз жүз елу миллион үш жүз қырық жеті мың сегіз жүз қырық екі тенге елу алты тиын) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 423 251 554.56 тенге (төрт жүз жиырма үш миллион екі жүз елу бір мың бес жүз елу төрт тенге елу алты тиын)

3.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт

013 Қаланы абаттандыруды дамыту бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 431 Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша - 998 000 000.00 (тоғыз жүз тоқсан сегіз миллион тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2019 жылы тіркеуге жатады

013 Қаланы абаттандыруды дамыту бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 431 Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша - 2 952 347 842.56 (екі миллиард тоғыз жүз елу екі миллион үш жүз қырық жеті мың сегіз жүз қырық екі тенге елу алты тиын) оның ішінде ҚҚС 2020 жылы тіркеуге жатады.

3.3 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерде



аванстық төлемді жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші Мердігердің ай сайын есепшотына ақшалай қаражатты аудару жолымен, бұдан бұрын төленген авансты 11 тепе-тең ұстап қалумен Тараптар Орындалған жұмыстардың актісіне қол қойған күннен бастап, күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей төлейді.

Егер құрылысқа байланысты жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіні қазынашылық органға тапсырғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5%-ын төлейді. Егер құрылысқа байланысты жұмыстарды орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші объектіні құрылысты аяқтаудың соңғы жылында пайдалануға қабылдау туралы актіні қазынашылық органға тапсырғаннан кейін осы шарт сомасының қалған 5%-ын төлейді.

3.4 Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.5 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) орындалған Жұмыстардың актісі;
- 3) Қағидаларға 22-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есеп;
- 4) Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, шот-фактура;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 115-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлем сертификаты (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 желтоқсанда № 9934 тіркелді) (бұдан әрі - Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі).

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы қазынашылық сүйемелдеу үшін тапсырыс берушілер айқындаған қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

3.6 Төлем нақты орындалған жұмыс көлемі үшін Тапсырыс беруші бекіткен №ЗКС және №2 нысан бойынша орындалған жұмыстар актілері негізінде шығындар мен бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесіне сәйкес рәсімделген құжаттардың толық жазылуы арқылы жүргізіледі. Мердігер нысандар бойынша орындалған жұмыстар актілерін ұсыну мерзімі есепті айдың 20 күнінен кешіктірілмеуі тиіс.

3.7 Ағымдағы қаржы жылының қаржыландыру сомасы ұлғайған жағдайда Тапсырыс беруші шартқа қосымша келісім күшіне енгеннен кейін ағымдағы қаржы жылының қаржыландыру сомасының ұлғаюына байланысты құрылған ағымдағы қаржы жылының авансын ұлғайту сомасына аванстық төлем жүргізеді

#### **4 Тараптардың міндеттемелері.**

4.1 Мердігер:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз



етуге;

2-1) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1107 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12767 болып тіркелген) Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға;

2-2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

7) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін жіберу және ресімдеуге

8) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

9) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде мемлекеттік сатып алу шотын ашуға;

10) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты инвестициялық жобаны іске асыру кезінде мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша қаражатты жұмсауды қазынашылық органдарында ашылған мемлекеттік сатып алу шоттары арқылы жүзеге асыруға;

11) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) қазынашылық органдарында мемлекеттік сатып алу шоттарын ашу шартымен қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға. Мұндай талап тиісті қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындаушылық) шарттарында көрсетіледі;



12) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттар бойынша ол қосалқы мердігерлік шарттарында қазынашылық органдарында ашылатын мемлекеттік сатып алу шоттарына ақшалай қаражат аудару туралы талаптың болуын және Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес шот-фактуралардың үзінді-көшірмесін жазып беру шартының болуын қамтамасыз етуге;

13) талдау жүргізу үшін Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігерлердің тізбесін мемлекеттік кірістер органдарына ұсынуға;

14) тәуекелдердің жоқтығы тұрғысынан талдау жүргізілген қосалқы мердігерлердің тізбесін қазынашылық органдарына ұсынуға;

15) қазынашылық сүйемелдеу шеңберіндегі мемлекеттік сатып алу туралы шартта қазынашылық органдарында ашылатын мемлекеттік сатып алу шоттың деректемелерін көрсетуге;

16) қазынашылық органдарында төлем сертификатын ұсынуға және Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігердің төлем сертификатын ұсынуын қамтамасыз етуге;

17) қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар арқылы орындауға міндеттенеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшалары қазынашылық сүйемелдеу үшін тапсырыс берушілер айқындаған қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.»;

18) Мердігер жаңбыр, су тасқыны, аяз, өрт, ұрлық және басқа да себептер байланысты зиян, залал, қырып-жою, барлық түрлерінен, жұмыстар мен барлық материалдарды қорғауды, жабдықтар, ресурстарды және жұмысымен байланысты басқа да элементтерді қамтамасыз етеді. Олардың жұмыстарын өндіру кезінде Мердігер жоба бойынша басқа жұмыстарды қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ жылжымайтын мүлік Тапсырыс берушіге тиесілі тиіс, және оған (үшін бірақ, шектелмей), оның ішінде жарақат немесе басқа да себептер түрлерінің кез келген құрылыстар, жолдар, ғимараттар, қоймалар мен басқа да материалдар тиесілі орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүліктің түрлері. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Орындаушыға келтірілген барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан өтелмейді

19) Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша міндеттемелерді орындау барысы туралы ақпаратты беруге міндетті

20) Орындаушы ЖСҚ-ға сәйкес қосылу нүктелерінен суды және электр энергиясын қосуға және бөлуге жауапты

21) Мердігер Тапсырыс берушімен жасалған келісімнің негізінде оның қызметкерлерінің, қосалқы мердігердің (қызметкерлердің), қызметкерлердің және қосалқы мердігерлердің (тұлғалардың) уәкілетті өкілдерінің, сондай-ақ Келісім-шарт бойынша жұмыстарды жүзеге асыратын басқа да адамдардың әрекеттері мен іс-әрекеттері үшін Мердігерге жүктеледі

22) Орындаушы нысанда жұмыстың қауіпсіздік стандарттарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті



- 23) Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкін жоғалтуына немесе бүлінуіне, оның қызметкерлерінің мүліктері мен денсаулығына, сондай-ақ оның қызметкерлерінің қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ Келісімшартты орындау кезінде туындаған және оның нәтижесінде туындаған барлық тәуекелдерге жауап береді
- 24) Орындаушы осы Келісімде көзделген барлық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді
- 25) Егер Тапсырыс беруші Орындаушыға Орындаушының жұмысын орындаудан Орындаушының немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны осы негізде дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, алып тастауды сұраса, Орындаушы 72 сағат ішінде осы тұлғаны нысаннан алып тастауға міндетті
- 26) Орындаушы қабылдау комиссиясына аяқталған объектіні қабылдау үшін қажетті құжаттарды тапсырады
- 27) Егер нысанда қосалқы мердігерлер болса, Орындаушы олардың жұмысын үйлестіреді
- 28) Мердігер білімді және барлық қолжетімді мүмкіндіктерді пайдаланып, бақылауды жүзеге асыруға және жұмысты орындауға міндетті. Мердігер толық жауапкершілікте болады және жұмыстарды орындаудың құралдары, әдістерін, әдістерін, келісімділігі мен сапасын, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады
- 29) Тапсырыс беруші жоғарыда айтылған себептер бойынша Орындаушының жұмысына залал немесе залал үшін жауапты болмайды және Орындаушы оларды толық аяқтағанша және қабылдағанша жауап бермейді және Орындаушы өз есебінен кез-келген зақымдануға, залалға және басқа да кемшіліктерге түзетулер енгізеді
- 30) Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Келісімнің шарттарын өзгертпейді
- 31) Мердігерлік жұмыстар «Под ключ» орындалады
- 32) Мердігер Шартқа қол қойған кезде Тапсырысшыға жұмыстардың көлемдерін, түрлері және тоқсан сайын орындалған жұмыстарды көрсетумен жұмыс өндірісінің кестесін бекітуге ұсынады.
- 33) Орындаушыда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттары болуы тиіс (тас, топырақ, құм)
- 34) Мердігер қажетсіз немесе орынсыз: айналасындағыларға қолайсыздық тудыруға және олар мемлекеттік меншік немесе Тапсырыс берушіге немесе басқа адамдарға тиесілі екендігіне қарамастан жолдарды пайдалануға кедергі келтіруге, жолды және жаяу жүргіншілер өткелін жабуға және пайдалануды шектеу қоймауы керек
- 35) Мердігер Тапсырыс беруші қажетсіз және сәйкессіз қолайсыз жағдайлар салдарынан тап болуы мүмкін қандай да бір залалдан, шығындардан және төлемдерден (сот төлемдері және сот шығындары) Тапсырыс берушіні қауіпсіздендіруге және қорғауға тиіс
- 36) Мердігер кез келген уақытта қол астындағы персоналдың немесе жұмыс күші тарапынан заңға қайшы келетін іс-әрекеттердің, ашық түрде бағынбау немесе тәртіптің бұзылуын алдын алу бойынша барлық саналы шаралар қабылдауға, сондай ақ тұлғалар мен жеке мүліктің сақталуы мен тыныштығын құрылыс алаңында да және іргелес аумақта қамтамасыз етуге міндетті
- 37) Тапсырыс берушіге жұмыс кестесін берген кезде, мердігер сондай-ақ осы Келісімнің 10.1 және 10.2-тармақтарында көрсетілген әдістермен жіберілген хабарламалармен қатар ресми сипатта болатын электронды пошта адресін ұсынады

#### 4.2 Мердігер:

- 1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, шартқа № 1 қосымшада



көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы;

#### 4.3 Тапсырыс беруші:

1) Жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының кіруін қамтамасыз етуге;

2) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді хабардар етуге;

3-1) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

3-2) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

4) инжиниринг компаниясының мердігерлерге (қосалқы мердігерлерге) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес төлем сертификатын ұсынуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы қазынашылық сүйемелдеу үшін тапсырыс берушілер айқындаған қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде объектілер құрылысымен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

#### 4.4 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

### **5 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру**

5.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысында орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер тартады. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Мердігерді жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2 Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

5.3 Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп



танылса, Мердігер тексеру сәтінен бастап 10 күн ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Мердігерді Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5.6 Жобалау-сметалық құжаттамада сәйкессіздік анықталған жағдайда немесе жобалау шешімдерін өзгерту, материалдарды, бұйымдарды, құрылмаларды, жабдықтарды ауыстыру қажет болғанда, аталған сұрақтарды шешу үшін ұсыныстар құрылыс барысына техникалық қадағалауды жүргізетін ұйымның тапсырыс берушісіне қабылданған шешімнің негізділігі туралы түсініктеме жазбахатпен, сондай ақ туындаған мәселені шешу ұсынысымен қоса енгізіледі (қажет болған жағдайда сметалық есептеулермен қоса беріледі).

## **6 Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі**

6.1 Жұмыс орындалды деп саналады Мердігердің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

6.2 Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар Қазақстанда шығарылған материалдардан жасалған және жабдықтан шығарылған жағдайда - белгіленген үлгіде түпнұсқа немесе көшірме (не уәкілетті ұйым бекіткен) «СТ-KZ» тауардың шығарылуы туралы сертификат немесе Сәйкестік сертификаты / белгіленген тәртіпте берілген Тауар сәйкестігі туралы декларация беріледі.

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан жасалған және жабдықтан шығарылған болса - түпнұсқасы немесе белгіленген тәртіпте шығарылған елінің тиісті органы берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бесжүз айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады.

6.3 «Орындалған жұмыстарды оларға ақы төлеу үшін қабылдау техникалық қадағалауды жүргізетін ұйымның өкілімен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы №71 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызмет саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес іске асырылады. Бұл ретте ақы төлеу үшін ұсынылаған орындалған жұмыстардың сапасы, көлемі, шарт мәнінің орындалу тәртібін реттейтін нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес болуы үшін жауапкершілік құрылыс барысына техникалық қадағалауды іске асыратын ұйымға және Мердігерге жүктеледі

6.4 Орындалған жұмыстар актісінде Тапсырыс берушінің өкілінің қолы болуы төлем үшін ұсынылған жұмыстардың орындалғанын аспаптық бақылауды қолданусыз визуалды тексеру





арқылы растайды және шарттың мәнін орындау тәртібін реттейтін нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына, жұмыстың сапасына, көлеміне сәйкес келу бөлігінде жауап бермейді

6.5 Тапсырыс беруші шешімі бойынша немесе шарттың мәнін орындау тәртібін реттейтін нормативтік-техникалық құжаттама талаптарының айқын бұзушылығы болған жағдайда Тапсырыс беруші орындалған жұмыстың іріктеме аспаптық бақылау құқығын өзіне қалдырады

## **7 Кепілдік. Сапа**

7.1 Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың техникалық ерекшеліктерге және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама сәйкес болуына, Жұмыстар оның сапасын техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін Жұмыстар, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалық-сметалық сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды беруге тиіс

7.2 Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 8 жыл мерзіміне береді.

7.3 Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

7.4 Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды

7.5 Орындаушы құрылыс жұмыстарының сапасына Тапсырыс берушімен, қосалқы мердігерлермен және қажетті мемлекеттік мекемелермен бірге объектіні пайдалануға беруді



қамтамасыз ету үшін құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес кепілдік береді

7.6 Ақаулық туралы хабарламаны алғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс беруші көрсеткен мерзім ішінде Ақауларды жоюға міндетті

7.7 Орындаушының ұсынған кепілдіктері, пайдалану ережелерін бұзу, Мердігер орындамаған өзгерістер, дұрыс қызмет көрсетілмеу немесе техникалық қызмет көрсетудің жеткіліксіздігі, сондай-ақ жабдықтың қалыпты жұмыс істеуі кезінде рұқсат етілген тозу немесе нашарлау салдарынан келтірілген зиянды өтеу немесе түзетуді қамтымайды

7.8 Мердігер Орындаушыға берілетін барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауап береді, олар Жеткізілуге тиіс. Жеткізу тек Орындаушының атынан жасалады. Тапсырыс беруші ешқандай жағдайда бос көлік құралдарын жеткізу, өңдеу, сақтау және төлеу бойынша шығындар үшін жауапкершілік көтермейді. Тапсырыс берушіге жеткізілімдер жіберілмейді

7.9 Егер Орындаушы жұмысын түзете алмаса немесе қаламаса (оны жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келтіреді) және Клиенттен жазбаша түсініктеме алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе әрекетсіз жауап бермесе, Тапсырыс беруші көрсетілген жеті күндік мерзімнен кейін сұрауыңызды қайталаңыз. Егер Мердігер көрсетілген кемшіліктерді келесі жеті күн ішінде түзетпесе, Тапсырыс беруші басқа жұмыс әдістерін пайдалану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз бетімен жасауға құқылы. Мұндай жағдайларда, Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындарды өтеуін қоса алғанда, аталған кемшіліктерді түзету құнын түзету туралы тиісті түзету туралы бұйрық шығарылады, бұл төлемге төленуге тиісті сомадан немесе Орындаушыға төлеуге арналған сомадан алынады. Егер Орындаушыға төленетін сома осы шығындарды өтеуге жеткіліксіз болса, Орындаушы Клиентке өз ақшасынан айырмашылықты төлейді

7.10 Мердігер Тапсырыс берушіге Сайтта Материалдар мен Жабдықтарды алу кестесін ұсынады. Сақтау, жинақтау немесе жинақтау үшін құрылыс ұйымы жобасымен және өндіріс жобасымен қамтамасыз етілген бөлімдер ғана пайдаланылуы мүмкін

7.11 Тапсырыс беруші жұмыстарды немесе құрылысты тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Тексерілгеннен кейін тексерілген жұмыс немесе құрылыстың бұзылғаны анықталса, Орындаушы өз есебінен Ақаулықты түзетеді және құрылысты ауыстырады

7.12 Мердігер Жоба бойынша жобалық бағалауда көрсетілген индикаторларға және кепілдік мерзімі ішінде объектіні пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді, сондай-ақ Орындаушы ұсынған кепілдік мерзімі нысанды пайдалануға қабылдау туралы актімен Объектіні тапсырғаннан кейін 8 (сегіз) жыл болады. Жабдықтар мен материалдар үшін кепілдік мерзімі өндіруші зауыттардың сертификаттарына (паспорттарына) сәйкес белгіленеді

7.13 Тапсырыс беруші ақауларды түзету кезеңін көрсете отырып, анықталған кемшіліктер туралы Орындаушыға жазбаша түрде хабарлайды

## **8 Тараптардың жауапкершілігі**

8.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды есептемегенде, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты Мердігерге Шартпен қаралған мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге кешіктірілген әр күн үшін шарттың тиесілі сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артпауы тиіс.

8.3 Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер



міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

8.4 Мердігер Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Мердігерден мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құны үшін төлем жүргізеді.

8.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуосы Шартта көзделген міндеттерді орындаудан Тараптарды босатпайды.

8.6 Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

8.7 Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді

8.8 Қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда Мердігер осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге берілуі мүмкін жұмыстардың шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстардың екіден бір көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге беруге тыйым салынады.

Жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді

## **9 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары**

9.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2020-12-31 жылға дейін қолданылады.

9.2 Мынадай оқиғалар өзінен кейін олардың ұлғаюы бөлігінде:



1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде Жұмыстарды орындауды кешіктіруге әкеп соғады.

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға Мердігер нұсқау береді. Бұл ретте, егер бұл сынақтар ақауларды анықтамаса, онда Жұмыстарды өндіру тоқтатылған уақыт Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

3) Тапсырыс беруші дәлелдеу техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу жөніндегі жұмыстарға бастапқы деректермен жобалауға Тапсырма беруді кідіртеді;

9.3 Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер 10 күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса;

3) Мердігер Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстар барысын кідіртуге нұсқау берсе және осындай нұсқау 10 күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

9.4 Шарт, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Шарт жоғарыда көрсетілген жағдаяттар себебінен жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзу күніндегі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.5 Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Мердігерге Заңда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) уәкілетті орган, олар бойынша міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып, Шарт жасасу фактісін айқындаса;

9.6 Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды



қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді

9.7 Егер Мердігердің Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

## **10 Хабарлама**

10.1 Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2 Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енуінің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

## **11 Форс-мажор**

11.1 Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдаяттар туындаған жағдайда, өзіне алған міндеттемелерді орындау үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, тарап форс-мажор басталғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл жағдаятқа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2 Форс-мажор жағдаяттары кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған тарап осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді одан алуға құқығы бар.

11.3 Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

11.4 Егер форс-мажор жағдаяты Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын қуәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

## **12 Даулы мәселелерді шешу**

12.1 Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

12.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Мердігер бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **13 Басқа да шарттар**



13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады.

13.3 Мердігердің таңдауы үшін негіз болып табылатын сапаның өзгермеуі мен басқа жағдайларда жасалған Шартқа:

1) жұмыстардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісім бойынша;

2) мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қабылданған мұндай өзгерістердің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса Шарттың сомасын көбейту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, осы жұмыстардың жасалған Шартында көрсетілген жұмыс бірлігі үшін бағасы өзгертпеу шартымен, сатып алынатын жұмыстар көлеміне қажеттілікті азайтумен не арттырумен байланысты Шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде. Жасалған Шартты осылай өзгерту осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

4) Қазақстан Республикасының салық, кеден және басқа да заңнамасының өзгеруінен туындаған келесі (одан кейінгі) жылы (жылдары) аяқтау мерзімімен Шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде;

5) келесі (одан кейінгі) жылы (жылдары) аяқталу мерзімімен Шарттың сомасын азайту бөлігінде;

6) жасалған шарттың сомасын өзгертпеу шартымен немесе жұмыстардың сметалық құны азайған жағдайда және кейіннен мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға (бар болса) тиісті өзгерістер енгізілсе, мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда Шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

7) тапсырыс берушінің және (немесе) Мердігердің лауазымдық тұлғасына қатысты Шартты орындауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда Шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде өзгерістер енгізуге болады.

13.4 Шарт бойынша бір Тараптың міндеттемелерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

13.5 веб-портал арқылы жасалған Шарт, бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

13.6 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Жобаны іске асыру кезінде ақпарат алмасу жылдамдығын қамтамасыз ету мақсатында мүдделі тұлғалар үшін мессенджерлерді қолдана отырып ортақ әңгімелесу ұйымдастырылады, онда тараптар операциялық мәселелерді талқылауға, деректермен алмасуға (құрылыс орнынан



фото және бейне файлдарды қоса алғанда, Тапсырыс берушінің өтініші бойынша берілуі тиіс)  
13.8 2019 жылдың 1 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының хаттамасына сәйкес Түркістан қаласындағы Нұр-Сұлтан алаңы құрылыс нысанына қазынашылық қолдау қолданылмайды

#### 14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны  
регенерациялау басқармасы" мемлекеттік  
мекемесі

г.Нур-Султан, Проспект САРЫАРКА, 13

БСН 991040001460

БСК ККМФКZ2A

ЖСК KZ22070102KSN6201000

"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық  
Комитеті" РММ

Тел.: 87172557523

Басшысы Бугубаев Аржан Мелисович

Мердігер:

"BI Urban Construction" жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

г.Алматы, Микрорайон ШУГЫЛА ,

Микрорайон ТАУСАМАЛЫ, 50А

БСН/ЖСН 050440003532

БСК ALMNKZKA

ЖСК KZ87826P0KZTD2003928

"АТФБанк" АҚ

Тел.: 87710300771

Директор Корпитанов Марат

Серикбаевич

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>013-015-431</b> : Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау							Құрылыс «Түркістан облысының Түркістан қаласындағы «Нұр-Сұлт алаңын абаттандыру және көгалдандыру жобасы»					
	"Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстар	Тұрғын жайлық емес ғимараттарды/құрылыстарды тұрғызу жұмыстары	Түркістан қаласында Нұр-Сұлтан алаңы ҚМЖ	Жұмыс	1	3 950 347 842.56	4 ай ішінде	2019 жылғы 31 желтоқсан	Түркістан облысы, Түркістан қ. Туркестан (1)	30	998 000 000.00





"Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстар	Тұрғын жайлық емес ғимараттарды/құрылыстарды тұрғызу жұмыстары	Түркістан қаласында Нұр-Сұлтан алаңы ҚМЖ	Жұмыс	1	3 950 347 842.56	4 ай ішінде	2019 жылғы 31 желтоқсан	Түркістан облысы, Түркістан қ. Туркестан (1)	30	2 952 347 842.56
--	---	--	--	-------	---	------------------------	-------------	-------------------------	--	----	------------------------



**Типовой договор о государственных закупках работ в сфере строительства**

г.Нур-Султан

№190062

2019-07-31

Государственное учреждение "Управление регенерации городской среды города Нур-Султан", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Бугубаев Аржан Мелисович, действующий на основании Положения, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "BI Urban Construction", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Подрядчик», от лица которого выступает Директор Корпитанов Марат Серикбаевич, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пп.5б, п.3, ст.39 приобретения товаров, работ, услуг у лица, определенного Правительством Республики Казахстан по решению (поручению) Президента Республики Казахстан Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках работ (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

**1 Понятия и определения**

1.1 В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

- 1) Генеральный Подрядчик (далее - Подрядчик) - юридическое лицо, выступающее в качестве контрагента Заказчика в заключенном с ним договоре о государственных закупках, а также консорциум (в случаях, предусмотренных Правилами осуществления закупок);
- 2) субподрядчик - лицо или организация, имеющие договор и (или) соглашение с Подрядчиком на выполнение части работ по Договору на участке (объекте);
- 3) технадзор - лицо, назначенное Заказчиком и сообщенное Подрядчику осуществлять контроль по выполнению Подрядчиком подрядных работ в соответствии с условиями Договора;
- 4) объект - здание, сооружение, определенное организатором государственных закупок как подлежащее строительству, реконструкции и передаваемое Подрядчиком Заказчику в виде, предусмотренном Договором;
- 5) участок - территория, отведенная для строительства Объекта или производства работ;
- 6) временные сооружения - все временные здания и сооружения, необходимые для строительства и ремонта Объекта, которые возводятся, устанавливаются и убираются Подрядчиком после завершения строительства Объекта
